

«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Абдырова Ардак Оразғалиевнаның «Қ.П. Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» тақырыбында жазылған диссертациясына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлерге сәйкес келуі (жауаптың біреуін сызыңыз)	Ресми рецензент ұстанымының негіздемесі (ескертуді курсивпен бөліп көрсетіңіз)
1.	Диссертация тақырыбы (оның бекітілген күні) ғылымды дамыту және/немесе мемлекеттік бағдарламалар бағытына сәйкес келеді	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету)</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету)</p> <p><u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағыт көрсетілсін)</u></p>	<p>Диссертация тақырыбы қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының даму бағыттарымен және ұлттық рухани мұраны зерттеуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың басымдықтарымен толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының нәтижелері қоғамда жаңа ғылыми ой мен таным қалыптастыруға, ұлттық руханияттың дамуына ықпал ету тұрғысынан маңызды болып табылады. Сонымен қатар зерттеу мазмұны болашақ ұрпақтың мемлекеттік тілді қастерлей білуіне, қазақ ғылымы мен ұлттық рухани мұраға құрметпен қарауына бағыт-бағдар береді. Ғылыми еңбектің нәтижелері жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарды бағалайтын, ғылым мен білімді қадірлейтін тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін ғылым-танымдық мәнге ие. Осы тұрғыдан алғанда, Абдырова Ардак Оразғалиевнаның «Қ.П.Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» атты зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасында Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасына (2023 жылдың 16 қазанында №914 қаулымен бекітілген), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларына (2018 жылдың 31 қазанда № 603 бекітілген, Қазақстан республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17651 тіркелген), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына, ҚР Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауларындағы ұстанымдарына сәйкес.</p>

			<p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдылығына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерттеу – белгілі бір ғылым саласының даму заңдылықтарын, ғылыми ой эволюциясын және теориялық тұжырымдардың қалыптасу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Әдебиеттану саласында зерттеушілер мұрасын талдау ұлттық ғылымның бағыт-бағдарын, әдеби процесс пен әдеби сын дамуының ерекшеліктерін айқындауға негіз болады. Сондықтан ғалым еңбектерін ғылыми тұрғыдан жүйелі қарастыру олардың ғылыми мұрасының мәнін ашып, әдебиеттану ғылымының теориялық қорын толықтыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ әдебиеті ғылымының дамуына айрықша үлес қосқан әдебиеттанушы-ғалым, сыншы, жазушы, драматург Қуандық Пазылұлы Жүсіптің ғылыми-әдеби мұрасын кешенді зерттеу қазіргі әдебиеттану ғылымында өзекті мәселе болып отыр. Диссертациялық жұмыста ғалымның ғылыми, әдеби-сын және әдістемелік зерттеулеріндегі ғылыми-теориялық ұстанымдары, зерттеу әдіснамасы мен әдіс-тәсілдері жан-жақты қарастырылып, оның ұлттық әдеби үдерістегі орны мен ғылыми қызметінің мәні жүйелі түрде сараланған. Драма және прозалық жанрадағы көркем шығармаларына жүргізілген әдеби-теориялық талдау нәтижесінде зерттеліп отырған қаламгердің суреткерлік шеберлігі, даралық стильдік ерекшелігі және авторлық ұстанымы диссертациялық деңгейде алғаш рет жүйелі түрде сараланды. Ғылыми тұрғыдан алғанда, қаламгердің шығармашылық мұрасын зерттеу оның әдеби процестегі орнын анықтауға, драмалық және прозалық шығармаларының көркемдік-эстетикалық құндылығын бағалауға мүмкіндік береді. Жазушының туындылары тек көркем әдебиет тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге мәдениеттану, әдебиеттану және гуманитарлық ғылымдар саласы үшін де маңызды дереккөз болып табылады. Зерттеу</p>

			барысында ғалым еңбектері қазақ әдебиеттануы, әдебиетті оқыту әдістемесі, тұлғатану, соның ішінде Мәшһүртану салаларының ғылыми-методологиялық ұстанымдары негізінде кешенді талдау нысанына айналған. Соның нәтижесінде зерттеушінің ғылыми мұрасы, әдеби-сындық пайымдаулары мен әдістемелік көзқарастары өзара сабақтастықта қарастырылып, олардың теориялық негіздері мен ғылыми-практикалық маңызы айқындалған. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеуде ғалым еңбектері аталған бағыттар аясында алғаш рет тұтас жүйеде қарастырылып, кешенді ғылыми талдау негізінде жаңаша бағаланып отыр.
3.	Өз бетінше жұмыс істеу қағидаты	Өз бетінше жұмыс істеу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өз бетінше жұмыс істеу жоқ	Зерттеу жұмысының диссертант тарапынан дербес орындалу деңгейі жоғары екендігі байқалады. Диссертант ғылыми зерттеу барысында мәселені жан-жақты талдап, теориялық пайымдаулар негізінде өзіндік ғылыми тұжырымдар жасауға қол жеткізген және тандап алынған тақырыптың мазмұндық аясын толық ашып көрсете білген. А.О.Абдырова ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіптің ғылыми тұжырымдарын компаративті талдау әдісі негізінде саралап, оларды қазақ және әлем әдебиеттануы ғылымындағы ғылыми көзқарастармен салыстыра қарастырады. Соның нәтижесінде зерттеуші ғалым пікірлерінің ғылыми сабақтастығын, теориялық үндестігін және әдебиеттану ғылымындағы орнын жүйелі түрде айқындап көрсеткен. Диссертациялық зерттеудің ғылыми құрылымы сақталған, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген, мазмұндық тұрғыдан тұтас әрі аяқталған ғылыми еңбек ретінде бағалауға толық негіз бар. Зерттеу жұмысында ғалым мұрасы кешенді ғылыми талдау аясында қарастырылып, оның әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-теориялық тұжырымдары мен зерттеу бағыттары жүйеленген. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы қазақ әдебиеттануы ғылымында бұрын арнайы зерттеу нысанына айналмаған, ғылыми өзектілігі жоғары тақырыпқа арналған. Диссертацияның құрылымдық жүйесі, ғылыми логикасы мен тұжырымдық бірізділігі сақталып, зерттеу нәтижелері мазмұндық жағынан толық әрі ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Аталған еңбек ұлттық

			әдебиеттану ғылымының дамуына үлес қосатын, теориялық және практикалық маңызы бар құнды ғылыми зерттеу ретінде бағаланады.
4.	Ішкі бірлік қағидаты	4.1 Диссертация өзектілік негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Қарастырылып отырған диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі жан-жақты әрі толық негізделген. Әдебиеттану ғылымында Қуандық Пазылұлы Жүсіп қазақ лирикасының көркемдік жүйесін кешенді түрде зерттеген, лириканың поэтикалық табиғатын, көркемдік-эстетикалық болмысын айқындаған көрнекті ғалымдардың бірі ретінде танылады. Зерттеушінің ғылыми еңбектері ұлттық поэзияның поэтикасын, жанрлық эволюциясын, образдық жүйесін талдауға бағытталып, қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік ғылыми-теориялық ұстанымдары мен зерттеу әдіснамасын қалыптастырғандығымен ерекшеленеді. Ғалым шығармашылығының көпқырлылығы оның ғылыми зерттеулерімен қатар көркем әдеби туындыларынан да айқын көрінеді. Қаламгердің роман-повестері мен драмалық шығармалары композициялық құрылымы, стильдік даралығы және көркемдік-идеялық мазмұны жағынан өзіндік қолтанбасымен ерекшеленеді. Бұл туындыларда автордың дүниетанымы, тарихи-мәдени танымы мен эстетикалық ұстанымдары көркемдік тұрғыдан терең бейнеленеді. Сонымен қатар, ғалым Қ.П.Жүсіп қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалар мен қаламгерлердің шығармашылық мұрасын жүйелі түрде ғылыми талдау нысанына айналдырып, олардың әдеби үдерістегі орны мен маңызын айқындауға елеулі үлес қосты. Ғалымның ғылыми зерттеулері ұлттық әдебиеттің даму заңдылықтарын, тарихи-әдеби процестің ерекшеліктерін анықтауға бағытталғанымен құнды. Зерттеушінің әдебиетті оқыту әдістемесіне қатысты ұсынған педагогикалық-әдістемелік тұжырымдары мен оқыту технологиялары бүгінгі күні де әдебиетші-ұстаздар қауымының тәжірибесінде кеңінен қолданылып келеді. Сонымен бірге, ғалым Қ.П. Жүсіптің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби-рухани мұрасын зерттеу, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу бағытындағы еңбектері ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін айрықша ғылыми маңызға ие. Зерттеуші ақын мұраларын жинақтау, жариялау, аудару және ғылыми

			<p>түсініктемелермен қамтамасыз ету барысында текстологиялық талдау әдістерін тиімді қолданып, қолжазба нұсқаларын салыстырмалы түрде саралау арқылы мәтіндердің түпнұсқалық сипатын айқындауға ерекше мән берген. Сонымен қатар, ғалым еңбектерінде мәтінтану (текстология) қағидаларына негізделген ғылыми редакциялау, мәтіндерді салыстыра зерттеу, деректік негізін нақтылау сияқты мәселелер жүйелі түрде қарастырылып, мәтінмен жұмыс жасау мәдениеті жоғары ғылыми деңгейде көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда, ғалым Қ.П.Жүсіптің аталған бағыттағы зерттеулері Мәшһүр Жүсіп мұраларын ғылыми тұрғыда игерудің методологиялық негіздерін қалыптастыруға және оларды ұлттық рухани қазына ретінде кейінгі ұрпаққа жеткізу ісіне елеулі үлес қосады. Диссертациялық зерттеуде докторант аталған ғылыми бағыттар мен зерттеушінің шығармашылық болмысының осы қырларын жан-жақты талдап, ғылыми-теориялық тұрғыдан терең ашып көрсете білген. Атап айтқанда, жұмыста ғалым Қ.П.Жүсіптің ғылыми мұрасы әдебиеттану ғылымының қазіргі методологиялық талаптары тұрғысынан сараланып, оның қазақ лирикасының поэтикасын зерттеудегі ғылыми тұжырымдары, әдебиет тарихын зерделеудегі концептуалдық ұстанымдары және әдеби мұраны игерудегі зерттеу тәсілдері кешенді талдау нысанына айналған. Сонымен қатар, диссертацияда ғалымның ғылыми және көркем шығармашылық қызметінің өзара сабақтастығы, оның ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына қосқан үлесі, сондай-ақ әдеби мұраны зерттеу мен насихаттаудағы ғылыми-практикалық маңызы жүйелі түрде пайымдалып, ғылыми дәйектілік негізінде тұжырымдалған. Ғалым Қ.П. Жүсіптің ғылыми және әдеби мұрасы қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар, ұлттық әдебиеттің теориялық және тарихи мәселелерін зерттеуге елеулі үлес қосқан құнды мұра болып табылады. Соған қарамастан, бүгінгі күнге дейін зерттеушінің ғылыми және көркем шығармашылық қызметі арнайы нысан ретінде кешенді түрде жүйеленіп, тұтас ғылыми зерттеу деңгейінде қарастырылмаған. Қазіргі уақытқа дейін ғалымның жекелеген еңбектері мен ғылыми</p>
--	--	--	---

			<p>тұжырымдары әртүрлі мақалалар мен ғылыми еңбектерде ішінара сөз болғанымен, оның әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-теориялық тұжырымдамалары, зерттеу әдіснамасы, сондай-ақ көркем шығармаларының поэтикалық және идеялық-көркемдік ерекшеліктері жүйелі ғылыми талдау нысанына айналмаған. Осыған орай, ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына айрықша үлес қосқан ғалым мұрасын қазіргі әдебиеттану ғылымының заманауи методологиялық ұстанымдары негізінде кешенді түрде қарастыру ғылыми тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады. Диссертант өз жұмысында ғалым Қ.П.Жүсіптің ғылыми-зерттеушілік және қаламгерлік қызметін кешенді түрде қарастырып, оның әдебиеттану ғылымындағы ғылыми тұжырымдары мен теориялық пайымдауларын жүйелеп, ғалым еңбектерінің ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына қосқан үлесін ғылыми тұрғыда негіздей алған. Сонымен қатар зерттеуде ғалымның көркем шығармаларының жанрлық табиғаты, поэтикалық ерекшеліктері, стильдік даралығы мен идеялық-көркемдік мазмұны әдеби-теориялық талдау аясында сараланып, оның әдеби үдерістегі орны мен маңызы ғылыми негізде тұжырымдалған. Докторант өз диссертациялық зерттеуінде аталған бағыттағы ғалым еңбектерін жан-жақты талдап, олардың ғылыми мазмұны мен мәнін терең ашып көрсете білген. Зерттеу барысында ғалымның Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұраларын зерттеу, аудару, жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу жолындағы еңбектері әдебиеттанудың қазіргі ғылыми-методологиялық талаптары тұрғысынан сараланып, оның текстологиялық ізденістері мен мәтінтану мәдениетінің ерекшеліктері ғылыми негізде талданған. Соның нәтижесінде докторант зерттеушінің осы саладағы ғылыми ұстанымдарын, деректанулық және текстологиялық тәсілдерін жүйелі түрде қарастырып, олардың ұлттық әдебиеттану ғылымындағы орны мен маңызын ғылыми тұрғыдан дәйектей алған. Осылайша, диссертациялық жұмыста ғалым Қ.П. Жүсіптің ғылыми және әдеби мұрасы тұтас ғылыми жүйеде қарастырылып, зерттеудің нәтижелері ұлттық әдебиеттану ғылымындағы осы бағыттағы бұрынғы зерттеулерді толықтырып, ғылыми</p>
--	--	--	--

			айналымды жана тұжырымдармен байыта түседі.
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>көрсетеді</u>; 2) ішінара көрсетеді; 3) көрсетілмеген 	<p>Бізге ұсынылған диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбының мәні мен ғылыми бағыт-бағдарын айқындап, оны жан-жақты әрі толық ашуға бағытталған. Диссертацияның тақырыбы «Қ.П.Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» зерттеу нысаны мен пәнін нақтылап, жұмыстың ғылыми-теориялық аясын белгілейді. Осы тақырыпты жүйелі түрде талдауға негізделген диссертацияның құрылымы мазмұндық және логикалық тұрғыдан өзара сабақтас үш негізгі бөлімнен тұрады. Диссертация мазмұны Қуандық Пазылұлы Жүсіптің шығармашылық және ғылыми мұрасының құрылымдық жүйесін кешенді түрде ашуға бағытталған. Бірінші бөлімде ғалымның өмір жолы, ғылыми қалыптасу және шығармашылық кемелдену кезеңдері тарихи-әдеби контекст аясында қарастырылып, оның прозалық және драмалық шығармалары әдеби-теориялық талдау негізінде сараланған. Сонымен қатар, бұл бөлімде жазушының көркемдік қолтаңбасы, авторлық стилі, жанрлық ерекшеліктері мен эстетикалық ұстанымдары поэтикалық талдау тұрғысынан зерттеліп, оның әдеби шеберлігі ғылыми тұрғыда негізделген. Екінші бөлімде диссертант ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіптің лирикадағы қаһарман концепциясын жан-жақты және теориялық тұрғыдан талдай отырып, оның бірнеше қырын айқындайды. Біріншіден, диссертант ғалымның лирикалық қаһарманды тек көпке тән жалпы қасиеттерімен емес, сонымен қатар жеке даралығы, тағдырлық жолы, мінез-құлқы мен күрес ұстанымы арқылы көрсету қажеттілігін атап өткенін көрсетеді. Бұл қаһарманның ерекшеліктері өлеңге өзіндік тыныс беріп, қайталанбас сипат қалыптастыратыны ғылыми тұрғыдан дәлелденеді. Екіншіден, докторант ғалым Қ.П.Жүсіптің поэзиялық шығармаларда бірнеше лирикалық бейне қатар жасалатынын және олардың әрқайсысының мазмұндық-функционалдық ерекшеліктерін талдағанын көрсетеді. Бұл тәсіл арқылы зерттеу поэтикалық композиция, образдылық жүйе және авторлық-субъективтік өрнектердің өзара әрекеттестігін ғылыми негізде ашады. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу</p>

		<p>ғалымның тұжырымдарын заманауи әдебиеттану методологиясы мен поэтика теориясы тұрғысынан компаративті талдай отырып, оның ғылыми жаңалықтарын айқындайды. Осылайша, диссертант А.Абдырова ғалым Қ.П.Жүсіптің лирикалық қаһарманға қатысты концептуалдық және методологиялық көзқарастарын тұңғыш рет кешенді түрде көрсетіп, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы олардың орны мен маңызын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Диссертант ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіптің «лирикадағы әсемдік» ұғымына қатысты тұжырымдарын жан-жақты талдай отырып, оның поэзиялық эстетикадағы бірнеше қырын ашады. Біріншіден, диссертант ғалымның лирикалық мәтіндердегі көркемдік құндылыққа тән әдеби-эстетикалық тиімді және көркемдік тұрғыдан тиімсіз тәсілдерді айқындағанын көрсетеді. Екіншіден, диссертант ғалым Қ.П.Жүсіптің лириканың даралығын, асқақтығын және шығармашылық дара стильдің маңызын зерттеу арқылы лирикалық мәтіннің ішкі поэтикалық құрылымына талдау жасайтынын атап көрсетеді. Ғалым «лирикадағы әсемдік» ұғымының көп сипатты екенін, оны біржақты немесе стереотиптік тұрғыдан ұғынудың қате екенін, көркемдік сезімдерді тек сұлулық пен ізгілікті дәріптеу арқылы ғана емес, кереғар идеялар мен қарама-қайшы ұғымдарды бейнелеу арқылы да туғызуға болатынын ғылыми тұрғыдан түсіндіреді. Сонымен, докторант талдауында ғалым Қ.П.Жүсіптің поэзиялық эстетикаға қатысты ғылыми көзқарастарын, эстетикалық нормалар мен көркемдік тәсілдердің методологиялық мәнін кешенді түрде ашады. Зерттеу жұмысы лириканың поэтикалық даралығы, көркемдік құрылымы және эстетикалық құндылығы мәселелерін ғылыми-теориялық тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік береді. Докторант диссертациялық зерттеуде ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіптің лирикалық шығармалардағы сюжетке қатысты тұжырымдарын жан-жақты талдап, олардың поэзиялық құрылымдағы теориялық және әдіснамалық мәнін ашады. Біріншіден, диссертант лирикалық мәтіндерде сюжеттің беріліс формаларының ерекшелігін көрсетеді: ғалым сюжеттің жасырын, жинақы сипатқа ие болатынын, эпос пен драмалық</p>
--	--	---

			<p>шығармалардағы сюжет құрылымымен салыстырғанда ерекшеленетінін дәлелдейді. Бұл тұрғыдан диссертант сюжеттік анализді лирикалық поэзияның композициялық және семиотикалық жүйесі аясында жүргізеді. Екіншіден, докторант Қ.П.Жүсіптің лирикалық сюжеттің өзіндік классификациясын талдап, олардың әрқайсысының сюжеттік құрылымдық және композициялық ерекшеліктерін, поэтикалық динамикасын зерттейді. Осы арқылы диссертант лирикадағы сюжеттік құрылымдардың поэтикалық функциясын, кейіпкерлер мен авторлық субъективтіліктің өзара әрекетін, оқиғаның символикалық және эмоциялық мәнін ғылыми тұрғыдан ашады. Сонымен, докторант талдауында ғалым Қ.П.Жүсіптің лирикалық сюжетке қатысты теориялық тұжырымдары мен концептуалдық көзқарастарын кешенді түрде қарастырып, поэзиядағы сюжеттік механизмдердің құрылымдық, жанрлық және семиотикалық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан жүйелейді. Зерттеу жұмысы сюжеттік талдаудың методологиялық негізін көрсетуге және лирикалық мәтіндерді жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Докторант өз диссертациялық зерттеуінде ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіптің «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» монографиясындағы ғылыми тұжырымдарын жан-жақты талдап, қазақ поэзиясының көркемдік әдісіне қатысты бірнеше қырынан ашады. Біріншіден, диссертант ғалым Қ.П.Жүсіптің қазақ әдебиеттану ғылымында ХХ ғасыр басындағы ақындардың өлеңдеріндегі бейнелілікті кешенді талдауы бұрын зерттелмеген, ашылмай келген мәселелерді ғылыми негізде қарастырғанын көрсетеді. Ғалым дерексіз ұғымдарды нақтылап, өлеңнің поэтикалық құрылымы мен көркемдік әдісін терең түсіндіру арқылы әдебиеттану теориясына жаңа ғылыми мазмұн енгізген. Екіншіден, докторант зерттеуінде Қ.П.Жүсіптің көркемдік әдіс түрлерін ғылыми-теориялық тұрғыдан жүйелеп, олардың тарихи қалыптасуы мен хронологиялық дамуын егжей-тегжейлі талдағанын айқындайды. Зерттеуші көркемдік-уақыттық сипаттарды, жанрлық ерекшеліктер мен поэтикалық тәсілдердің өзара сабақтастығын қарастыра отырып, қазақ лирикасының көркемдік</p>
--	--	--	--

			<p>әдісінің даму динамикасын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Сонымен қатар, диссертант ғалымның зерттеуінің әдіснамалық мәнін көрсетеді: ғалым Қ.П.Жүсіптің зерттеу жұмысы лириканың стильдік құрылымы мен бейнелілік жүйесін кешенді талдау арқылы поэтика теориясында жүйелік, әдіснамалық бағыттағы нәтижелерге қол жеткізген. Осы тұрғыдан, диссертациялық зерттеу ғалым еңбегін көркемдік әдістің тарихи, жанрлық және стильдік аспектілері бойынша жан-жақты ашу, әдіснамалық тұжырымдарын сараптау және қазақ лирикасының дамуын ғылыми тұрғыдан бағалау қырынан көрсетеді. Ғалым Қ.П.Жүсіп М. Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Қ.Аманжолов поэзиясының романтизмін терең, көпқырлы талдаумен зерттеудің алғаш рет методологиялық үлгісін жасап, қазақ әдебиеттану ғылымына лирикалық кейіпкерді психологиялық, эстетикалық, символдық және поэтикалық контекст арқылы кешенді бағалау тәсілін енгізді. Бұл тәсіл бұрынғы зерттеулерде ашылмай келген, өлеңнің көпқырлы табиғатын көрсетуге мүмкіндік береді және әдебиеттану теориясына жана ғылыми жаңалық болып саналады. Диссертант зерттеу жұмыста ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіп қазақ поэзиясында романтизмді талдаудағы лирикалық кейіпкердің психологиялық, символдық және эстетикалық ерекшеліктерін жүйелі түрде ашу, реализм мен романтизмнің үйлесімін көрсету, тарихи-көркем контекстпен байланыстыру және көркемдік динамиканы әдістемелік тұрғыдан жүйелеу арқылы әдебиеттану ғылымына енгізген әдіснамалық және теориялық жаңалықты диссертациялық жұмысында жан-жақты көрсете білді. Осылайша, зерттеуші А.Абдырова ғалымның лирикалық мәтіндерді концептуалдық (танымдық) талдау, герменевтикалық, құрылымдық-семиотикалық талдау тәсілінің ғылыми мәнін, оның лирикалық бейнелерді және поэтикалық құрылымдарды зерттеудегі ерекшеліктерін толық ашып, зерттеу тақырыбының өзектілігін нақты дәлелдейді. Үшінші бөлімде ғалымның әдеби-сын бағытындағы зерттеулері, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты ғылыми-педагогикалық тәжірибесі және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұраларын зерттеуге</p>
--	--	--	--

			<p>арналған мәшһүртану ілімін қалыптастырудағы ғылыми қызметі қарастырылады. Бұл бөлімде зерттеушінің әдебиеттану ғылымындағы ғылыми-теориялық тұжырымдары, педагогикалық-әдістемелік көзқарастары және әдеби мұраны игерудегі текстологиялық, деректанулық ұстанымдары талданып, оның ұлттық әдебиеттану ғылымындағы орны мен ғылыми үлесі айқындалады. Диссертация бөлімдерінің мазмұндық құрылымы мен өзара логикалық сабақтастығы зерттеу тақырыбының ғылыми өзектілігін, зерттеу нысанының кешенді сипатын және Қуандық Пазылұлы Жүсіптің әдебиет теориясы мен сыны, қазақ әдебиеттануы, қазақ әдебиеті және әдебиетті оқыту әдістемесі салаларына қосқан ғылыми үлесін жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік береді. Осылайша, диссертация тақырыбы мен мазмұнының өзара үйлесімділігі жұмыстың теориялық және практикалық маңызын нақтылап, зерттеу нәтижелерінің ғылыми тұжырымдық жүйесін қалыптастырады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертант Қ.П.Жүсіптің шығармашылық ғұмырнамасы мен көркемдік мұрасын жүйелі түрде талдап, проза және драма саласындағы туындыларын көркемдік тұрғыдан саралап, жазушының суреткерлік шеберлік қырын ашады. Ғалымның әдебиеттану саласындағы әдіснамалық ерекшеліктері мен әдеби-теориялық тұжырымдарының ғылыми маңыздылығын, сондай-ақ әдеби-сын макалаларындағы көтерілген мәселелердің ұлттық құндылық және өміршеңдік мәнін талдайды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласындағы еңбектерінің мәнін және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасын жариялау, текстологиялық өңдеу арқылы Мәшһүртану ғылымының дамуына қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Диссертацияның құрылымы, мазмұны және ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың логикалық сабақтастығын қамтамасыз етіп, ғылыми әдістемелік талаптарға толық жауап береді. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді және жұмысты жазуда зерттеуші мақсат-міндеттерді орындауға толық қол жеткізген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен</p>	<p>Зерттеу жұмысының құрылымы үш бөлімнен, қорытындыдан және</p>

		<p>ережелері логикалық тұрғыдан өзара байланысты:</p> <p>1) <u>толықтай өзара байланысты;</u></p> <p>2) ішінара байланысты;</p> <p>3) өзара байланыс жоқ.</p>	<p>пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші бөлімде «Қ.П. Жүсіптің жазушылық шеберлігі» филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.П.Жүсіптің әдеби және ғылыми шығармашылық потенциалын қарастырады. Мұнда оның шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуы ерекше отбасылық және мәдени орта, ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде және ХХ ғасыр басында қазақ ауыз әдебиетін жинап, дәстүрін сақтаған әлемдік тұлға, ақын, тарихшы және алаш қайраткері Мәшһүр Жүсіп әулетінің тарихи және мәдени сабақтастығымен тығыз байланыста екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденеді. Сонымен қатар, прозалық және драмалық шығармаларында автордың кейіпкер портретін әртүрлі ракурстан көрсету, характерін ашуда көркемдік детальдарды, монолог пен диалогты тиімді пайдалану, контраст әдісін үйлесімді қолдану шеберлігі талданады. «Ұл мен қыз», «Ой, ертең физика!», «Епті жігіт», «Бала дегенді қойсаңшы», «Әпкесі мен інісі», «Қорқыныш» драмалық шығармаларында автор оқиға желісін шынайы негізде құру, контраст әдісін орынды қолдану, аз сөз арқылы штрихтар мен детальдар арқылы өмір иірімдерін дәл көрсету тәсілдерін терең меңгергенін, сондай-ақ бұл әрекеттердің көркемдік композиция мен семиотикалық сипаттау тұрғысынан тиімділігін зерттейді. Диссертациялық зерттеуде алғаш рет ғалым Қ.П.Жүсіптің дерексіз ұғымдарды көркем шығармада жандандыру және заттандыру тәсілдерін қолдану ерекшелігі, сондай-ақ табиғатты суреттеуде көркемдік дәлдікті жоғары дәрежеде меңгергені ғылыми дәлелдермен көрсетіледі. «Қ.П.Жүсіп және қазақ лирикасының өзекті мәселелері» атты екінші бөлім қазақ поэзиясының табиғатын терең тануға, лирикалық кейіпкердің ішкі психологиясын шынайы көрсетуге бағытталған зерттеу ерекшеліктерін қарастырады. Бұл бөлімде лирикадағы дәстүрлі және жаңашыл элементтердің үйлестіру арқылы талдануы, өлеңнің композициялық құрылымы, поэтикалық құрылымдар, троптық және символдық құралдар жүйелі зерттелуі ұсынылады. Қ.П.Жүсіптің оқушылардың өздігімен ізденуіне, талдауына және ойлауына бағытталған интерактивті зерттеушілік-</p>
--	--	---	--

			<p>ізденушілік технологиясына алғаш рет ғылыми баға берілген. «Қ.П.Жүсіптің ғылыми еңбектері» атты үшінші бөлімде әдеби-сын зерттеулері арқылы қазақ әдебиетін терең талдаудың, шығармаларды методологиялық және теориялық тұрғыдан бағалаудың негізін көрсетеді. Сонымен қатар, автордың әдебиетті оқыту әдістемесі мен Мәшһүртану ілімін қалыптастырудағы еңбегі ұлттық әдеби мұраны жүйелі зерттеуге мүмкіндік беретін жаңа бағыттарды айқындайды. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан біртұтас байланыста болып, зерттеу нәтижелерінің ішкі үйлесімділігін, Қ.П.Жүсіптің әдебиеттану ғылымына енгізген әдістемелік және теориялық жаңалықтарының тұтастығын айқын көрсетеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырғанда бағаланады:</p> <p>1) <u>критикалық талдау бар</u>;</p> <p>2) ішінара талдау бар;</p> <p>3) талдауда өз пікірлерін білдірмейді, бірақ басқа авторлардың дәйексөздері келтірілген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертант ұсынған шешімдер қазақ және әлемдік әдебиеттану ғылымында бұрын жүргізілген зерттеулердің тұжырымдарымен салыстырылып, сыни тұрғыдан талданған және зерттеуші тарапынан сыни талдау жасалған. Отандық ғалымдар А. Байтұрсынов, З. Ахметов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, С. Қасқабасов, Б. Майтанов, Т. Кәкішев, М. Мырзахметов, А. Еспенбетов, Т. Ибрагимов, М. Сәрсекке, Д. Хамзабек және шетелдік зерттеушілер А.Н. Веселовский, Б.В. Томашевский, В.М. Жирмунский, Л.И. Тимофеев, Б. Эйхенбаум, Л. Гинзбург сынды ғалымдардың ой-пікірлері зерттеудің негізгі теориялық және әдіснамалық тірегі болған. Диссертант алғаш рет ғалымның шығармашылық мұрасына көпқырлы зерттеу жүргізу қажеттігіне назар аудартып, әдебиеттану контекстінде көпсалалы талдау жүргізу қабілетін көрсетумен қатар, шығармашылық тұлға мен зерттеушілік психологияның когнитивтік аспектілерін зерттеуге ерекше мән береді, бұл оның сыни талдау дағдыларының бар екендігін айқын көрсетеді. Диссертант А.О.Абдырова ғалым Қ.П.Жүсіптің әдебиеттануда лирикалық қаһарманға негізделген поэтикалық-стильдік талдау әдісі, лириканың ішкі эстетикалық табиғатын, романтикалық бейнелеу тәсілдерін терең талдау, когнитивті талдау, әр ақынның стилін нақты белгілер арқылы айқындап, қазақ лирикасының стильдер картасын жасауға негіз болатын поэтикалық-стильдік жүйелеу</p>

			<p>тәсілін алғаш рет енгізгенін дәлелдейді. Бұл әдіс-тәсілдер поэзияны тек мазмұндық тұрғыдан емес, оның көркемдік әдісі, стильдік ерекшеліктері және бейнелілігі арқылы кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Диссертацияда ғалым Қ.П.Жүсіптің көркем шығарманы кешенді оқыту мен талдау жүйесінің зерттеушілік-ізденушілік технология ретінде қолданылу мүмкіндігі дәлелденеді. Сонымен қатар ғалымның микропоэтикалық, нарратологиялық, концептуалдық-семантикалық талдау тәсілдерін және лирикадағы бейнелілікті когнитивтік тұрғыдан түсіндіру арқылы поэзияны адам санасы мен таным жүйесі аясында зерттеу бағытын қалыптастырғаны, сондай-ақ әдеби-сын зерттеулерінде шығармаларды бағалаудың дәлелді әрі дипломатиялық тәсілін ұстанғаны айқындалады. Зерттеуші А.Абдырова ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіптің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне енгізген лирикалық мәтінді сұрақ-жауап жүйесі арқылы талдауға негізделген технологиясының оқушыны дайын пікірді қабылдауға емес, өлеңнің ішкі поэтикасын өз бетінше тануға бағытталатынын атап көрсетеді. Сонымен қатар зерттеу жұмысында бұл әдістің білім алушылардың лирикалық шығармаларды жүйелі талдаудың нақты алгоритмі ретінде қолдануға болатындығы ғылыми тұрғыдан тұңғыш рет дәлелдейді. Диссертанттың сыни талдаулары мен өзіндік тұжырымдары жұмыстың құнды жақтары ретінде танылады.</p>
5.	Ғылыми жаңалық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%); 3) жаңа емес (жаңалық 25%)</p>	<p>Осы кезеңге дейін Қуандық Пазылұлы Жүсіптің әдебиет теориясы, сыны, тарихы, әдебиет әдістемесі жөніндегі еңбектері мен жазушылық қыры жан-жақты арнайы зерттелмеген. Сол себепті Абдырова Ардақ Оразғалиевнаның «Қ.П.Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» атты зерттеу еңбегі бұл саладағы алғашқы еңбек болып табылады. Жұмыста ғалымның қазақ әдебиеттану, сын, әдебиет теориясы, Мәшһүртану саласына, шығарма талдау әдістемесі, мектепте көркем шығарманы оқыту мәселелері, жазушының прозалық, драмалық шығармаларын зерттей келіп, ғалымының бұл саладағы еңбектері кейінгі зерттеулерге байыпты тұжырымдарымен, нақты талдауларымен, қисынды ойларымен негіз екендігі, суреткерлік, жазушылық шеберлігі үлгі</p>

			<p>болатындығы дәлелді пайымдарымен анықталған. Диссертациялық жұмыстағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%); 3) жаңа емес (жаңалық 25%)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысы диссертанттың ғылыми ізденісінің жан-жақтылығы мен тереңдігін, бағыт-бағдарының айқындығын көрсетіп, алдына қойған міндеттерін әдістемелік тұрғыдан толық орындап шыққандығымен сипатталады. Диссертациялық зерттеу еңбегінің жаңалық деңгейі келесі дәйектермен анықталады. Қ.П.Жүсіптің ғұмырнамалық шығармашылығы, сан-салалы әдеби мұрасы жүйеленіп, алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген және заманауи көзқарас тұрғысынан бағаланып, ғылыми-танымдық деңгейде ұсынылады. Драма және прозалық жанрдағы көркем шығармаларына жасалған әдеби талдау негізінде ғалымның суреткерлік шеберлігі, даралық стилі, авторлық позициясы сараланған. Лирикадағы көркемдік әдіс (романтизм, реализм), стиль мен бейнелілік, лирика табиғаты туралы ғылыми зерттеулері әдебиеттану саласына қосқан үлесі ретінде жүйелі, дәлелді тұжырымдалған. Ғалымның әдеби-сын зерттеулері мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі толық айқындалған. Қазақтың ойшыл ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын жариялаудағы, текстологиясын жасаудағы еңбегі сараланып, Мәшһүртану ғылымының дамуына қосқан үлесі жан-жақты дәлелденген. Зерттеу қорытындыларын жұмыстың нәтижесі ретінде бағалауға болады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген: 1) толықтай жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңалық 25-75%); 3) жаңа емес (жаңалық 25%)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа әрі негізделген: Қ.П.Жүсіптің ғылыми-зерттеу және әдеби-сын еңбектерінде, сондай-ақ көркем шығармашылықтағы ұстанымдарында дәлдік пен нақтылық қағидалары басым орын алады. Диссертант еңбегінде жазушылық, зерттеушілік шеберліктің түрлі аспектілері жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда, тұлғатану, текстология мәселелері, көркем шығарманың табиғатын таныту жолдары, лирика жанрының поэтикалық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан талданады. Сонымен қатар лирикадағы көркемдік әдістер (романтизм, реализм), стиль мен бейнелілік, лирикалық</p>

			қаһарман мәселесі, лирикадағы әсемдік, сюжет пен композиция ұғымдарына нақты ғылыми анықтамалар беріліп, сол анықтамалар негізінде теориялық тұжырымдар жасалады. Бұл тұжырымдар лирика жанрының табиғатын, оның жанрлық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Ғалым қазақ лирикасының даму үдерісін талдай отырып, жеке ақынның шығармашылық болмысының қалыптасу ерекшеліктеріне назар аударады. Яғни ақынның дара стилі арқылы ұлттық дүниетаным мен жалпыадамзаттық құндылықтар деңгейіне көтерілу мүмкіндігі көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, диссертант ғалым шығармашылығының рухани мәдениетке қосатын үлесін, оның танымдық және көркемдік қуатын айқындайды.
6.	Негізгі тұжырымдардың дұрыстығы	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген /негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін)	Диссертацияда жасалған барлық тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдерге негізделген. Зерттеу жұмысының қорытындылары жоғары, орта арнаулы оқу орындарында «Қазақ әдебиеті», «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы мен сыны» пәндері салалары бойынша т.б.ғалымдардың зерттеулеріне негізделген.
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденген бе? 1) дәлелденген ; 2) біршама дәлелденген; 3) керісінше дәлелденді; 4) дәлелденбеген; 5) ағымдағы тұжырымдамада Ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиальды ма? 1) ия; 2) жоқ 3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиальдылығын тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңалық болып	7.1 Негізгі қағидаттар толық дәлелденген. Диссертация көлемінде автор негізгі 7 қағидатты айқындаған. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған. 7.2 Әрбір қағидат тривиальды емес деп саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3 Мейлінше жаңа. Қазақ әдебиеттану саласындағы зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған, зерттелген мәселелер арнайы қарастырылған емес. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Әдебиеттану, сын, тарих және әдістеме, текстология салаларында кеңінен пайдалануға болады. 7.5 Диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша 12 мақала жарық көрген. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданған.

		<p>табылады ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>4) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) ағымдағы тұжырымдамада ереженің тривиалдылығын тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Сенімділік принципі Пайдаланылған әдебиеттер мен ұсынылған ақпараттардың сенімділігі	<p>8.1 Әдістемені таңдау негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның әдіснамасы нақты, қолданылған әдіс-тәсілдер дұрыс тандалған. Бұл зерттеу еңбегінде сенімділік принципі сақталып, ғалым шығармашылығы ғылыми тұрғыдан жүйелі әрі нақты деректер негізінде талданады. Сонымен қатар зерттеу барысында қолданылған әдіснама мен әдістеменің таңдауы айқын негізделіп, олар Қ.П. Жүсіптің ғылыми және шығармашылық мұрасын жан-жақты ашуға бағытталғаны дәлелді түрде көрсетіледі.</p>
		<p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр. Диссертация жұмысының нәтижелері ғалым мұрасын тарихи-салыстырмалы сипаттау, тарихи-функционалды талдау, жинау, топтау, жүйелеу әдістерін пайдалана отырып алынған. Ғалым пікірлерін әлемдік және қазақ ғалымдары пікірлерімен арадағы ұқсастық, айырмашылықты анықтауда салыстыру әдістері қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде Қ.П.Жүсіптің зерттеулері, көркем шығармалары қазақ әдебиеті ерекшеліктерін терең талдай отырып анықталған. Зерттеу барысында ғалымның</p>

		<p>эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>шығармашылық мұрасы толық талданған. Бұл зерттеушінің біліктілігін, жан-жақты жіті, түбірлеп ізденгенінің дәлелі.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттануға, әдеби сынға, ішінара әдістемеге қатысты зерттеу еңбектері, сөздіктер, анықтамалар, халықаралық конференциялар мен журналдар, ҚР ҒЖБМ бекіткен басылымдарға сілтеме жасау арқылы расталған. Отандық ғалымдар А. Байтұрсынов, З. Ахметов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, С. Қасқабасов, Б. Майтанов, Т. Кәкішев, М. Мырзахметов, А. Еспенбетов, Т. Ибрагимов, М. Сәрсекке, Д. Хамзабек және шетелдік зерттеушілер А.Н. Веселовский, Б.В. Томашевский, В.М. Жирмунский, Л.И. Тимофеев, Б. Эйхенбаум, Л. Гинзбург т.б. сынды ғалымдардың еңбектеріндегі талдаулар басшылыққа алынған.</p>
		<p>8.5 Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді. Ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталған / ішінара расталған/расталмаған</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Библиографияда әдебиеттану бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 131 дереккөз атаулары бар.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық мағынасы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген ғылыми-теориялық тұжырымдар нәтижелерін жоғары, орта арнаулы оқу орындарында «Әдебиеттану», «Әдебиет теориясы мен сыны», «Поэтика», «Мәтін теориясы» пәндерінде және мектепте қазақ әдебиетін оқытуда пайдалануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу материалы негізінде әдебиеттану, әдістеме бойынша оқу құралын, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуге, элективті курстарда қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа:</p> <p>1) толықтай жаңа;</p>	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа. Бұл диссертация тақырыбының өзектілігінде, қазақ әдебиеттану ғылымында әзірге мүлдем</p>

		2) ішінара жана (жаңалары 25-75%); 3) жаңа еместері (жаңалығы 25%)	зерттелмеуі мен диссертант тарапынан қорғауға ұсынылған тұжырымдарынан көрініс тапқан.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық хаттар сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация ғылыми стильде сауатты, жоғары деңгейде жазылған. Техникалық жағынан дұрыс ресімделген, мемлекеттік стандарттар талаптарына жауап береді.
11	Диссертацияға ескертулер	Жазылған диссертациялық жұмыс оң әсер қалдырды, тақырып өзекті, тұжырымдар жаңа, ескертулер жоқ.	
12	Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі (диссертацияны мақалалар сериясы түрінде қорғаған жағдайда ресми рецензенттер зерттеу тақырыбы бойынша докторанттың әрбір мақаласының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді)	Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық жоғары рейтингті журналға енгізілген ғылыми журналдарда – 2 мақала, ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда ғылыми мақалалар саны – 6, жеке қатысуымен өткен (Ховд, Нөкіс, Павлодар) халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында жарияланған мақалалар саны – 4, диссертациялық зерттеу материалдары бойынша Павлодар педагогикалық университетінің Ғылыми Кеңесі ұсынған 1 оқу құралы жарық көрген.	

13. Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Абдырова Ардак Оразғалиевнаның «Қ.П.Жүсіптің әдеби-сын, ғылыми еңбектері» тақырыбында жазылған диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Кажибаява Гульден Кенесовна

